

ЖЕТІСУ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКА ӨНЕРІНІҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ

Аннотация

Мақалада Жамбыл Жабаевтың дәстүрлі музыка өнеріне қосқан үлесі, оның қайталанбас көркем туындылары қарастырылды. Салыстырмалы талдаудың нәтижесінде ұлы жыршы шығармашылығының бірнеше бағыты, жаңашылдығы және бірегейлігі анықталды.

Тірек сөздер: музыка, өнер, дәстүр, ән, жыр, күй, айтыс, шығармашылық, жаңашылдық, сабақтастық.

Ключевые слова: музыка, искусство, традиция, песня, сказание, кюй, состязание, творчество, новаторство, взаимосвязь.

Keywords: music, art, tradition, song, story, kui, contest, work, innovation, intercommunication.

Бір ғасырға жуық өмір сүрген Жамбыл көптеген тарихи оқиғаларды басынан өткізіп, оларға сергек араласып, қазақтың ұлттық мұрасын жастайынан бойына сіңіріп, халықтың өмірімен сабақтастыра, дәстүрлі музыка өнерінің қайталанбас көркем туындыларын қалдырды. Асыл қазынамыздың сарқылмас бөлігін құрайтын оның құнды үлгілері филология ғылымында жан-жақты зерделеніп, іргелі еңбек ретінде жарық көргені белгілі¹¹.

Музыкатуану саласы бойынша Жамбылдың шығармашылығына арнайы зерттеу болмағанымен, жекелеген мақалалар мен жинақтар кездеседі. Атап айтатын болсақ, белгілі ғалым, профессор В.М.Беляев «Очерки по истории музыки народов СССР» атты еңбегінде «Музыкальная культура Казахстана» деген тарауда Жамбылдың шығармашылығын жалпылама баяндаған [1]. Одан басқа, Жамбылдың музыкалық мұрасы бойынша өнертану ғылымдарының докторы Б.Г.Ерзаковичтің мақалалары белгілі. Зерттеуші өзінің «Из напевов Джамбула» (1956), Мәскеуде жарыққа шыққан Музыкалық энциклопедиядағы «Джамбул Джабаев» (1974) және баспасөз бетінде жарияланған «Музыкальное наследие великого акына: невозполнимые утраты» (1996) атты үш мақаласында [2] Жамбыл шығармашылығына байланысты өзекті мәселелерді көтерген. Яғни Б.Ерзакович оның музыкалық мұрасының жазылмай қалғандығы туралы, әндерін іздестіру қажет екенін, оларды нотаға түсіріп жинақтау керектігін баса айтып, дәстүрлі өнердің өкілі тұрғысынан қарастырған.

XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап Жамбылдың күйшілік өнері туралы айтыла басталды. Бұл тараптан тұңғыш рет С.Бегалин «Сахара сандуғаштары» атты еңбегінде жазған болса [3], кейін осы бағытты С.Садырбаев, Я.Амандықов, Б.Атшабаров жалғастырды [4].

Жамбылдың музыкасына байланысты жазылған айтарлықтай тың мағлұматтарды – естеліктерден, жеке жазбалардан, күнделік беттерінен, сонымен қатар, оның мұрасына тікелей қатысы болмаса да, дегенмен алып жыраудың бейнесі көрініс тапқан еңбектерден кездестіруге болады. Яғни мұндай деректер К.Әзірбаевтың «Ұстаз», Ғ.Ормановтың

¹¹Филология саласы бойынша Жамбылдың шығармашылығын ғалымдар М.Әуезов, Е.Ысмайылов, Н.Төрешұлы, С.Қирабаев, С.Садырбаев, М.Жолдасбеков, С.Қасқабасов және т.б. зерттеген.

«Ғасырлық ғұмырдан бір тағылым», Қ.Байсейітовтың «Кұштар көңілден», Ш.Сарыбаевтың «Фольклордың білгірі», Н.Төреқұловтың «Алыптар кездесуі», Н.Тілендиевтің «Қасиетті домбыра» және т.б. басылымдарда, сондай-ақ академик А.Жұбановтың «Ғасырлар пернесі» атты еңбегіндегі Дина Нұрпейісова туралы очеркте жазылған [5].

Жаңа басылымдардың ішінде бүгінгі заман талабының көрсеткіші ретінде жарыққа шыққан, ішінара Жамбылдың музыкалық мұрасы жүйелі түрде қарастырған және музыка өнері Жамбыл шығармашылығының құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, оларды кешенді зерттеу қажеттігін алдыға тартқан қазіргі ғалымдардың еңбектері маңызды²².

Жамбыл туындыларының жарыққа шығарылу мәселесіне келетін болсақ, ең алдымен Б.Г.Ерзаковичтің іргелі еңбектерінде, оның арасында «Песенная культура казахского народа» атты кітабында бірен-саран әндері талданып жарияланған. Кейін уақыт өте келе жеке жинақтарға еніп, мысалы, «Жетісу күйлері» жинағында «Өтті-ау дәурен» күйі, «Жетісу ақындарының жыр сарындары» деген еңбекке Жамбылдың бірнеше әні, жыры және айтыс сарындары басылып шықты [7]. Жамбылдың шығармашылығы толық қамтылған жинақ тұңғыш рет оның 150 жылдық мерейтойына орай³³ 1996 жылы «Жамбыл жырлайды» деген атпен жарық көрді [8].

Қазақтың ұлы тұлғаларының шығармашылығында дәстүрлі музыканың жанрлары бір-бірімен қиылысып, жан-жақты бағытта дамығанын байқатады. Дегенмен халықтың санасында шығармашылық мұраның жетекші бағыты басым болып келеді. Мәселен, қоғам ең алдымен Махамбетті өршіл де отты жыр-толғаулардың авторы ретінде қабылдаса, Абайды (тек музыкалық мұра тұрғысынан қарағанда), тіпті Әсетті алғанда әуезді әндердің авторы ретінде ғана таниды. Негізінде шындыққа келетін болсақ, басқа дәстүрлерге қосқан үлесінің маңызы кем емес (бұл да өкінішке орай көпшіліктің ғана емес, сірә зерттеушілердің де назарынан тыс қалған): осыған сәйкес Махамбет күйлерін, Әсет айтыстарын немесе Абай күйлерін біреу білсе, біреу білмейді⁴⁴. Ал жоғарыда айтылған фактологиялық материал мен музыкалық-этнографиялық жинақты саралау барысында Жамбыл кейінгі ұрпаққа сұлу сазды әндерін, айтыс сарындарын, эпикалық және лирикалық жыр-дастандарын, күйкылжыған күйлерін қалдырғанын көреміз.

Адамның өмір тіршілігін, сезім сырларын, ой-толғауын, қайғы-қасіретін суреттейтін Жамбылдың әсем әндері өзіндік сипатпен ерекшеленеді. Белгілі музыкатанушы Б.Г.Ерзакович Жамбылдың әндерін музыкалық жанрлық тұрғысына қарай: «... у Жамбыла были чисто песенные сочинения с оригинальными мелодиями и разными по содержанию поэтическими текстами, типичные для жанров народной песенной культуры: панегирического – «Ел едің құт дарыған Есім, Мамай», дидактического – «Өсиет», «Жаз жыры», состязательного – «Айтыс», социально-бытового «Аюгай»...» [2, 4 б.] – деп жіктеген. Бұл ретте зерттеуші қолында болған әндердің негізінде пікір жүйелегені

²²Бұл ретте С.Күзембайдың, У.Қалижановтың және т.б. еңбектерін қара [6].

³³ Осы іс-шара аясында жазбаша кәсіби композиторлар шығармашылығы бойынша музыкатанушы А.Қ.Омарованың «Жамбыл и Айкумыс» Л.Хамиди» атты еңбегі шықты [9].

⁴⁴Мәселе олардың көркемдік құндылық тұрғысында емес, көпжанрлық бағыттағы жеке шығармашылығы хақында болып тұр.

аңғарылады. Бүгінгі күнге дейін жарыққа шыққан Жамбыл әндері алуан түрлі жанрға топтасатыны, ал айтыс өнері жеке бағытты құрайтыны айқындалды⁵⁵.

Бүгінгі күнге дейін жарыққа шыққан Жамбыл әндері алуан түрлі жанрға топтасатыны, ал айтыс өнері жеке бағытты құрайтыны айқындалды

Осы ретте Жамбыл әндерінің тақырыптық ерекшелігі назарға алынып жіктелген жүйеден басқа – жоқтау әндері («Алғадай»), хат өлеңдері («Балама хат»), арнау өлеңдері («Шота Руставелиге», «Абайдың суретіне», «Күләшқа», «Камшат қызға», «Бұрымға»), туған жер, табиғат тақырыбындағы жырлары («Туған елім», «Алатау», «Жаз»), тарихи уақиғаға байланысты шыққан патриоттық әндері («Аттандыру», «Қызыл әскерге»), өсиет өлеңдері («Балаларға», «Жастар алдындағы сөз», «Елімнің қыздарына») – тағы да фольклорлық жанрда шығарған жұбату әндерін («Сәлем айт, барсаң Абайға»), қаратпа өлеңдерін («Қырғыз ұлы, құлақ сал»), сәлемдеме өлеңдерін («Кавказға сәлем», «Қырғыз Әлімкүл ақынның сәлемі»), терең ойға толы өмір туралы, кәрілік жайлы толғауларын («Өмір толғауы», «Өмір жыры», «Менің өмірім», «Мен шеккелі қай заман», «Кәрілік туралы», «Токсан бес», «Ақсақал») жекешелеп көрсетуге болады. Әсіресе, біздің пікірімізше, бұлардың қатарында сал-серілердің шығармашылығына тән автопортрет, жастықпен қоштасу әндерін («Ақын болдым он үште», «Жиырма бес») айту орынды.

Олардың музыкалық ерекшелігін саралау барысында Жамбылдың әндерінде Жетісу әуендерінің болмысы сақталып, басым көпшілігі он бір буынды қара өлең құрылысында шыққан болса, кейбіреуі оның жыршылық өнерімен үндесіп 7-8 буынды тирадалық жыр үлгісінде туындағанын аңғарамыз. Әндердің мәтінінде «оу», «ау», «ей» деген алексикалық буындар, «эгугэй», «таритау», «халәләкуләй», «угәйай» т.с.с. одағай сөздер кездеседі. Көбінде әуен мен мәтін бірлігі сабақтасып тұрады. Өлшемі мен ырғағы ауыспалы, әрдайым өзгеріске ұшырап тұрады. Кейде тізбектелген әуенде қайталамалы дыбыстардың ұшырасуы және ладтық тұрғыда құбылмалы бояулардың пайда болуы Жамбыл бойындағы дәстүрлер жиынтығы нәтижесінде енген қолтаңбалық ерекшелігін айқын көрсетеді. Мысал ретінде, Жамбылдың «Жиырма бес» әнін, Құлмамбетпен айтысқандағы сарынын, «Сұраншы батыр» дастанының қорытынды үзіндісін және «Нәрікбайдың зары» күйін келтіреміз:

«Жиырма бес»

Асықпай, тебіренген

Әк - ті - ді А - ла - ту - дің Жам - бы - л(ы)

с дім, Ө - ден - дің қа - ра сұр - леу -

⁵⁵Тақырыптық ерекшелігі бойынша Жамбыл әндерінің топтамасы соңғы зерттемелерде де берілген (КүзембайС.Ә. «Жыр алыбы Жамбыл және музыкалық өнер» деген мақаласын қара).

«Құлмамбетпен айтыстағы Жамбылдың айтқаны»

А - сық-саң а - жа - лы - на кел - ші бер - мен.

Ай хий, бас а-ман-ға-ей, ей-ей-ей-ей-

The musical score consists of two staves. The first staff is in G major and 7/8 time, with lyrics 'А - сық-саң а - жа - лы - на кел - ші бер - мен.' The second staff is in G major and 2/4 time, with lyrics 'Ай хий, бас а-ман-ға-ей, ей-ей-ей-ей-'. The melody is simple and folk-like.

«Сұраншы батыр»

А - па - тау - ын а - я - сы. Ба - тау - са шырап са - ға - сы Шы - ны - ки жо - рым

жы - ты - рып А - қын Жам - был - мен та - ын Та - қы - ем ө - реп кең са - ғын

The musical score is a multi-staff arrangement. It features a vocal line and several accompaniment lines. The lyrics are: 'А - па - тау - ын а - я - сы. Ба - тау - са шырап са - ға - сы Шы - ны - ки жо - рым жы - ты - рып А - қын Жам - был - мен та - ын Та - қы - ем ө - реп кең са - ғын'. The music is in G major and 2/4 time.

«Нәрікбайдың зары»

The musical score consists of two staves. The first staff is in G major and 4/4 time, and the second staff is in G major and 3/4 time. The melody is simple and folk-like.

Жамбылдың атын қазақ жері мен көрші елдерге танытқан өнері – айтыс дәстүрі болды. Бұл өнердің қайым айтыс, түре айтыс және сүре айтыс түрлерін терең меңгерген Жамбыл ақындық шеберлігін шыңдай көптеген ақындармен айтысқа түседі. Соның бірін профессор В.М.Беляев: «В 1881 году, в возрасте 35 лет, Джамбул встретился с считавшимся тогда непобедимым в айтысах – поэтических соревнованиях – акыном Кулмамбетом и победил его[...]. Уничтожив язвительными стихами своего противника, Джамбул приобрел славу первого акына Семиречья»[1, 117 б.] – деп жазған. Осы орайда Жамбылдың бұдан басқа Досмағанбет, Сарыбас, Майкөт, Бақтыбай, Сары, Бөлтірік, Жүнісбай, Айкүміс, Бөлектің кызы, Шашубаймен айтыстары еске түседі.

Жамбыл өз бойындағы жыршылық, әншілі кәрі күйшілік қабілеті арқылы айтыс сарындарының мән-мазмұнын кеңейтіп, жаңашылдық сипат бергені байқатады. Ал оның жыр, дастан, терме, толғау және т.б. туындылары, атап айтқанда «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Көрұғлы», «Домалақ ене», «Бақ, дәулет, ақыл» дастандардың және «Өмір толғауы», «Ақындарға арнау», «Жамбылдың термесі» және т.б. мақамдық жағынан Жетісу өңірінің жергілікті халық сарынымен үндесіп, өзіне дейінгі жыршылардың мәнерімен астасқан. Мысалы айтқанда әуендік желісте бір дыбысты қайталай кварта арақашықтығына секіріп, тізбектеле өрілген интонация Сүйінбайдың мақамдарымен ұқсас келсе, жыр кіріспесіндегі «қаратпа» сөздің ұзақ созылатын дыбыстармен басталуы Майкөттің иірімдерімен ұштасады. Сондай-ақ жоғарыда айтылған басқа бағыттардың әсеріне аяқталған мәтін мен сөз орамының бірнеше рет қайталануынан, ладтық және аспаптық сүйемелдегі әдістерден анық көреміз.

Көпшілік онша білмейтін, білсе де көрмейтін немесе мойындамайтын Жамбыл шығармашылығының тағы бір бағыты – оның күйшілік өнері. Дегенмен Жамбылдың күйшілік өнері туралы деректерді, көзі тірісінде баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалардан келтіруге болады. Мәселен, 1938 жылы «Қазақ әдебиеті» газетіне шыққан мақалада: «Тарихтың домбырасын қолына алған, күміс сақалды қария Жамбылдың жүзіне қарап: бұл жыр мен күйдің Алатаудай алыбы дейсің. ... Бүкіл қазақ халқының ғасырлар бойы шығарған күйі мен жыры соның бойында сияқты. Ол күй мен жырдың шалқып жатқан айдыны, асқар шыңы. Халықтың күйі мен жыры мәңгі жасаса, ол да мәңгі жасайды» [10, 36.] – деп жазылған. Жамбылдың жастайынан күйшілік өнерге әуестігі туралы мағлұматтарды филология саласы бойынша жазылған еңбектерден кездестіруге болады. Мысалы, белгілі жазушы Сапарғали Бегалин «Сахара сандуғаштары» атты еңбегінде Жамбылдың бойындағы күйшілік өнер нағашысы Қанадан деген қобызшыдан дарығаны туралы: «Қобыз тартқанда қасынан шықпай, ынтыға тыңдап, құлақ ұйыған кішкене жиеншарына Қанадан аса риза болады...

... Жамбыл қарт қобызшының сарынын көпке дейін есіне сақтап, өзі де сондай күй тартсам деп құмартады. Қолына қобыз алмағанмен, домбыра ұстауға құмартып, өте ынталанады» [3, 136.] – деп баяндап, Жамбыл шығарған күйлердің тарихына тоқталып, ол шерткен «Ыңғайтөк», «Сұрмерген», «Басшылбай-Күйшілбай», «Ұран», «Стамбул», «Қырғыз Мұратәлінің күйі», «Көрұғлы Сұлтан», «Әділбек ер толғауы» т.с.с. жиырмаға жуық күйдің атын мысал ретінде келтірген.

Сондай-ақ Жамбылдың күйшілігі туралы мәліметтер оның өлең, жыр, толғауларында да көрініс тапқан. Оны төменде берілген келесі жолдар дәйектейді:

«Шынықтырды болаттай» (1937)

Дамылсыз сайрап домбырам,

Ойнақтайды он саусақ

Тасқындап күй төгілтем,

Ұлы күнде ән шырқап... [11, 249б.]

«XX жылдық тойда» (1937)

Сөйлей бер, ақ домбырам дүрілдеген,
Шарықтап күй төгілді бүгін менен...[11, 241б.]

«Отанды сүй» (1938)

Сүйкімді ұн, әсем әнім, терең күйім,
Елгезек – ыстық жүрек, көңіл, мыйым,
Отанға, ел жүрегі Сталинге
Тартатын дем біткенше менің сыйым... [11, 298б.]

«Толғау»(1938)

Мен құс емес – адаммын,
Гүліне қонған заманның, –
Шаттық күйін сайраймын,
Жүзге келдім демеймін,
Тойыма шашу берейін... [11, 310б.]

«Жаңа жыл» (1939)

Домбыраны қолға алсам,
Ағылған күй мен жыр көрем...[11, 345б.]

«Жеңіс жыры» (1939)

Күн астында күй төгіп,
Ай астында жыр төгіп,
Алтын шанақ, күміс ішек
Домбыраны өңгердім... [11, 368б.]

«Октябрь толғауында» (1939)

Қартайғанда сен үшін,

Күй мен жырым ағылсын.

Көз жұмғанша жырлаймын

Ел-жұртымның бағы үшін...[11, 378б.]

Сондай-ақ, оның «Отанды сүй», «Жеңіс жыры», «Халық туысқандығы», «Сталин ұрпақтары», «Сталинді сайлаймын», «Жаз», «Туысқан ел», «Өлгенің жоқ, сен тірі», «Өнердің өсуі» және т.б. өлең-толғауларында күй шерткендігі туралы мағлұматтар берілген.


Жамбыл шерткен күйлерді оның поэзиясы, әншілік және жыршылық шығамашылығына тән жіктеуге болады. Мәселен, фольклорлық жанрдағы көне архаикалық күйлері («Жем тартып қойған аққудың күйі»), жоқтау күйлері («Нәрікбайдың зары»), аңыз күйлері («Ерке атан», «Сұрмерген», «Боз інген»), арнау күйлері («Басшылбай-Күйшілбай», «Қайсабек күйі», «Есім-Саржан»), тарихи күйлері («Абылай шайқамасы», «Керзаман», «Ұлы Отанға»), тартыс күйлері («Жамбылдың қырғыз Мұраталы күйшімен тартысы», «Сәтина қызбен күй тартысы»), философиялық ойға толы өмір туралы, кәрілік жайлы күйлері «Қайырсыз», «Қайырлы», «Өтті-ау дәурен» тақырыптық тұрғыдан алғанда оның дәстүрлі музыкадағы көркем туындыларымен үйлесім тапқан.

Талдау барысында Жамбылдың күйлері теріс бұрауда және оң бұрауда шертілгені анықталды⁶.

Саралаудың нәтижесінде теріс бұраудағы күйлер архаикалық көне сарындармен үндесіп, фольклорлық типтегі нұсқаларға жанасатынын белгіледік. Бұл күйлерде кездесетін – үстіңгі ішектің бурдон міндетін атқарып тұруы, әуендік желістің қысқа қайырылуы архаикалық сарындарға тамырлаған. Күй басталғанда орта буыннан басталып, бас буынмен аяқталуы, қысқа мотивтің бірнеше рет қайталану тәсілдері Жамбылдың айтыс және жыршылық өнерінің нышандарын танытады.

«Батыр Қалша, төрт жігіт»

⁶ Теріс бұрауда шертілетін күйлері – «Батыр Қалша, төрт жігіт», «Жем тартып қойған аққудың күйі», «Шортанбайдың шертпесі», оң бұрауда тартылатын туындылары – «Ұлы Отанға», «Өтті-ау дәурен», «Нәрікбайдың зары», «Көрұғлы-Сұлтан» және «Сәтина қызбен күй тартысы».



«Домалақ ене»

Жам-был-дын кел-ді(і)ау ке - зе - р(і)ау, Мак-та-Ма-зам

қы-з(ы)е-ді. До - ма - лақ-тай

Оң бұраудағы күйлерді талдау барысында анықталған музыкалық ерекшелігінде: қайталанатын бір дыбыстың бірнеше рет тұрақталуы, иірімдік мәтін желісі – екі, үш, төрт нота арасында дамуы, ладтық жүйенің – иолийлікпен қатар, миклолидийлік, лидо-миксолидийлік бояуларда әрбуі (ән мұрасына байланысты көрсетілген нұсқалардан көруге болады), сегіздік және он алтылық ұзақтықтармен берілетін ырғақ пен қағыс бірлігінің сақталуы; ауыспалы өлшемге негізделуі (5/8, 3/8, 7/8, 8/8, 9/8, 2/4, 3/4), құрылымы жағынан С.Қалиевтің жүйесіне сүйене қарастырғанда тұрақты-транспозициялық («Ұлы Отанға»), ауыспалы (Шортанбайдың шертпесі) және аспаптық қысқа мәтін («Көрұғлы-Сұлтан») құрылымдарында жазылуы, кварта-квинта интервалдарының қатар жүру тәсілдерінің аппликатуралық жылжу заңдылықтары – ән, айтыс сарындары және жыр мақамдарымен қиылысады⁷⁷.

Анықталған ерекшеліктерді дәлелдеу мақсатында Жамбылдың «Өтті-ау дәурен» атты күйіне назар аударған жөн болар. Тұрақты тірегі d-а дыбыстарынан басталатын күй байсалды, баппен жүретін екпінді сақтайды.

Күй – Батыс Қазақстанның күйшілік дәстүріндегі буындық құрылымға сәйкес бас буын кіріспесінен басталып, буындық құрылымда жазылған. Таңдалған мәселе тұрғысынан қарастырғанда, әуендік ерекшелігінде бір дыбыстың бірнеше рет қайталану әдісі, үш-төрт дыбыс аралығында даму барысы, буындар арасында тұрақты дыбыстың немесе бас буынның байланыстырушы үзбе ретінде енгізілген тәсілдері айқын көзге түседі. Оның


⁷⁷Оң бұраудағы күйлердің музыкалық ерекшелігі туралы тұжырымдар Жамбыл Жабаевтың 165 жылдығына орай шығарылған «Тәуелсіздік және Жамбыл шығармашылығы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдар жинағына енді (А.Қазтуғанованың «Жамбыл шығармашылығындағы күйлер» деген мақаласын қара).

үстіне, ладтық тұрғыда табиғи мажор мен миксолидийлік тізбектің ауысып, құбылмалы жымдасуы ән өнеріне байланысты алдында айтылған пікірімізді дәлелдейді. Бұл ерекшеліктерді Жамбылдың дәстүрлер жиынтығы негізінде пайда болған жаңашылдықтың көрсеткіші деп тиянақтаймыз.



Талдауға алынған күйдің интонациялық болмысынан ән, айтыс, жыр-дастандардың домбыра сүйемелінде кездесетін кварта-квинта интервалының қатар жүріп, аппликатуралық жылжу тәсілдері сақталғанын анықтадық. Олардың каденциялық қайырым бөлімдерінде (тұрақты тіректің алдында) жиі пайдалануы кездейсоқ емес, себебі бұл тәсіл Жамбылдың басқа да туындыларында көрініс тапқан («Ұлы Отанға», «Көрұғлы-Сұлтан», «Нәрікбайдың зары» күйлерін және «Ақындарға арнау», «Сарыбайға» әндері, «Домалақ ене», «Көрұғлы», «Сұраншы батыр», «Өтеген батыр» жырларындағы домбыра сүйемелін қара).

«Өтті-ау дәурен»



«Көрұғлы»

«Ақындарға арнау»

Сонымен қатар, импровизациялық өнердің негізінде шығарылған «Өтті-ау дәурен» атты күйдің өлшемі ауыспалы (5/8, 6/8, 2/4, 7/8), дыбыс ұзақтығында сегіздіктерге бағынған ырғақ пен қағыс бірлігі біркелкі, сирек жағдайда триоль пайдаланылғанын көреміз. Күй – тұрақталған қағидаға сәйкес бас буынның қайталануымен аяқталады.

Сайып келгенде, бүгінгі музыкатану ғылымында қазақ өнерінің негізгі жанрларын – *ән*, *күй*, *жыр*, *айтыс* дәстүрлеріне зор үлес қосып, дамытқан Жамбыл шығармашылығы ғылыми-зерттеушілік тұрғыда назардан тыс қалғандықтан, осыған сәйкес (соның салдарынан) білім беру жүйесінде, жалпы білім беру мен арнайы мамандандырылған оқу орындарында, оның үстіне бір-бірімен шектес жатқан салаларда, мысалы ағартушылық қызметте (музыкада – орындаушылық бағытта), сондай-ақ анықтамалық басылымдарда ескерусіз қалған.

Осы ретте академик С.Қасқабасовтың Жамбылдың әдебиеттегі шығармашылық мұрасына байланысты жазған келесі жолдары жыраудың білім беру жүйесіндегі мәселенің басын ашуға септігін тигізді. Зерттеуші-ғалым: «Всеобщее признание и восхищение сменилось нигилистическим отношением к имени и творческому наследию Джамбула после того, как был разоблачен культ личности Сталина. Те, кто недавно превозносил великого акына, теперь объявляли поэзию Джамбула услужливой и заказной, предлагали исключить его из истории литературы... Такие суждения нет-нет да высказываются и ныне» [12, 76.] – дегендей, яғни сол кезде, оның поэзиясы елгезек және тапсырма бойынша шығарылған деп әдебиеттің бағдарламасынан шығарып тастау керектігі жайында сөз қозғалса, музыка саласы бойыншы орта және жоғары білім беру жүйесінде жүргізілетін «Қазақ музыкасының тарихы» деген пәнге Жамбылдың жеке шығармашылығы мүлдем енгізілмегенін айтып өтуіміз керек. Қазіргі кезде консерваторияны бітірген жастардан «Жамбылдың әнін немесе жырын білесің бе?» деп сауал қойсаң, «біз оны әдебиетте өттік» деп жауап қайтарады. Бүгінгі таңда Жамбылдың туындыларын тек Жетісу өңірінің өкілдері ғана айтып бере алады. Ал күйлері жөнінде сөз қозғаудың да қажеті жоқ, себебі олар «Жамбылда күй бар ма?» деп өзіне сұрақ қояды⁸.

Әрине білім беру жүйесіндегі мұндай жағдай оның күйлерінің жалпы орындаушылардың репертуарынан таса қалуына да әкелді. Қазіргі кезде Жамбылдың күйлерін орындаған санаулы адамдардың есімдері ғана белгілі. Олардың ішінде, Қыдырқожа күйші, Н.Тілендиев, Ш.Күшікбайұлы, Ә.Жамбылов, Д.Шаштайұлы есімдері аталады⁹.

Тағы да бір айта кететін олқылық, 2002 жылы жарық көрген «Қазақ өнері» энциклопедиясында Жамбыл деп берілген беттерде ұлы жырау шығармашылығы тіпті көрініс таппаған. Ол жерде Жамбыл ескерткіші, Жамбыл көркемөнерпаздық шығармашылығының үйі, Жамбыл облыстық драма театры, Жамбыл облыстық филармониясы және т.с.с. жазылған. Бұл, бүгінгі және келешек ұрпақтың санасында Жамбылдың өнерге ешқандай қатысы жоқ деген пікір қалыптастыруы мүмкін.

Дәстүрлі музыкадағы Жамбылдың мұрасын қорытындылай келе бірнеше тұжырымдарға тоқталамыз:

1. Дәстүрлі өнердің әр саласын дамытқан Жамбылдың шығармашылығына бірен-саран мақалалардың арналғандығына қарамастан, оның мұрасының ауқымы, өзіндік үлесі, жаңашылдығы және қайталанбас ерекшелігі ашылмаған. Осы тұрғыдан алғанда музыкатануда Жамбыл шығармашылығының зерттелу дәрежесін филология саласы бойынша ғалымдардың қол жеткізген жетістіктеріне шамалас келетін деңгейіне көтеріп, Жамбыл мұрасының жабулы жатқан тұстарын ашып, оны тарихи және теориялық тұрғыдан жан-жақты талдап, ғылыми негізделген іргелі еңбек ретінде жарыққа шығару керек.

⁸ Осы бағытта күй топтамаларына шолу жасайтын болсақ, Мемлекеттің қолдауымен әр жылдары жарық көрген «Құрманғазы және Ұлы дала музыкасы» (1998, 2 CD), «Қазақтың дәстүрлі музыкасы» (2001, 4 CD), «Мәңгілік сарын» (2007, 8 CD), «Қазақтың 1000 күйі» (2010, 36 CD) және т.б. күй топтамаларына Жамбылдың бірде-бір күйі енгені өкініш тудырады.

⁹ Бұған дәлел ретінде, «Дастан ата» жинағынан Н.Тілендиевтің «Қастерлі домбыра» атты естелігін келтіруге болады. Мұнда Нұрғиса Тілендиевтің Жамбылмен кездесіп, оның Бекболат батыр көретілісіне арналған «Ұран» және «Ой, дүние-ай» күйлерін шерткендігі туралы айтылады [5].

2. Жамбыл қазақтың дәстүрлі музыкасының төрт бағытын дамытып (ән, айтыс, жыр күй), олардың әр саласына жаңалық әкеліп, өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Бір ғасырға жуық өмір сүрген Жамбылдың шығармашылығы ұзақ мерзімде өтіп, осы уақыт аралығындағы даму желісі мен серпінділігі, түрлі бағытта жүзеге асқан кәсіби тәжірибесінің күшеюі, әр дәстүр бойынша бірнеше буын өкілдерімен (әншілер, жыршылар, айтыс ақындары, күйшілер, бұл ретте тек қазақ ғана емес басқа ұлттар да кіреді) қарым-қатынасы арқылы шеберлігінің шыңдалуы төрт дәстүрге бірдей жаңашылдық әкелуге септігін тигізді. Оның үстіне бұл дәстүрлердің түп-тамыры қазақтың фольклорлық мұрасы мен суырып-салма өнеріне негізделгендіктен, оны жетік меңгерген Жамбыл төрт бағытты бір-бірімен қиылыстыру, үндестіру, сабақтастыру жолымен әрқайсысын байытып, көркейте білді. Бойына біткен осы қасиеттері оның тұлғалық болмысындағы білімдарлығын, бірегейлігін тануға, ресми мойындалған бейнесінің (XX ғасырдың Гомері атанған) шынайы маңызын тереңірек ұғынуға жетелейді.

3. Жамбыл күйлеріндегі құрылымдық (тұрақты-транспозициялық, ауыспалы және аспаптық қысқа мәтін түрлері), әуендік (үш-төрт дыбыс аралығындағы қысқа қайырым мен қайталамалы дыбыстары), ырғақтық, өлшемдік, қағыстық (тұрақсыздығы), ладтық (ауыспалылығы), аппликатуралық (кварта-квинта интервалдарының жылжымалы тәсілдері) ерекшеліктерінің жаңашылдығы оның шығармашылығындағы басқа дәстүрлермен салыстырмалы талдаудың нәтижесінде ғана айқындауға мүмкіндік туғызды. Келешекте жыраудың жеке әрбір бағыты, осы зерттеме тұрғысы бойынша жүзеге асырылса, яғни «ән мен айтыс», «айтыс пен жыр», «жыр мен күй» және т.с.с. немесе керісінше бағыттарда бір-бірімен байланыста қарастырылса, шығармашылық уақыт аралығындағы даму желісі мен серпілісі жан-жақты ашылады. Сол арқылы *ән, айтыс, жыр және күй* дәстүрлеріне қосылған мұрасының нұсқалық, стильдік, жанрлық ерекшелігі анықталып, оның аймақтық ортадағы, яғни Жетісу өңіріндегі және одан да кең, бүкіл қазақ даласындағы, тіпті бұрынғы Кеңес одағына кірген орыс, қырғыз, өзбек, грузин, т.б. халықтардың мәдениетіндегі алатын орны белгіленіп, Жамбыл мұрасының шығармашылық шеберлігінің мазмұны игеріледі.

ӘДЕБИЕТ

1. Беляев В.М. Джамбул Джабаев // Очерки по истории музыки народов СССР. Вып.1. – М.: Музгиз, 1962. – С.117-118.

2. Ерзакович Б.Г. Из напевов Джамбула // Творчество Джамбула (статьи, заметки, материалы). – Алма-Ата, 1956. – С.116-122.; Джамбул Джабаев // Музыкальная энциклопедия. Т.2. – М., 1974. – 221 с.; Музыкальное наследие великого акына: невозполнимые утраты // Казахстанская правда. 1996, 21 августа.

3. Бегалин С. «Сахара сандуғаштары» (Естеліктер мен естігендер). – Алматы, 1976. – 168 б.

4. Атшабаров Б. Жамбыл – күйші // Жетісу. 1972. 19 май. – 4 б.; Садырбаев С. Жамбыл және Мұраталы күйші // Қазақ әдебиеті. 1986, 14 февраль.; Амандықов Я. Жамбыл өнер әлемінде. – Алматы. 1998. –177 б.

5. Дастан ата: Жамбыл Жабаев туралы естеліктер / Құраст. Н.Төреқұлов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 416 б.; Жұбанов А. Дина Нұрпейісова // Ғсырлар пернесі. – Алматы: Жазушы, 1975. – Б. 142-163;

6. Күзембай С.Ә. Жыр алыбы Жамбыл және музыкалық өнер // Жамбыл және түркі халықтарының эпикалық мұрасы: Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Алматы: ҚазҰӨА, 2011. – Б. 40-43.; Қалижанов У. «Ой жырым, қызыл тілім, сенің арқаң!» // Ойкөз: Әдеби зерттеулер мен портреттер. – Алматы: Тау-Самал, 2012. – Б. 224-232.

- 7 Ерзакович Б.Г. Песенная культура казахского народа. – Алма-Ата, Наука. 1966. – 402 б.; Мүптекеев Б., Медеубекұлы С. Жетісудың күйлері. – Алматы: Өнер, 1998. – 352 б.; Әбдуәлі А., Әбуғазы М. Жетісу ақындарының жыр сарындары. – Алматы: Атамұра, 2008. – 160 б.
- 8 Амандықов Я. Жамбыл жырлайды. – Алматы: Қазақстан композиторлар одағы, 1996. – 167 б.
- 9 Омарова А.К. «Жамбыл и Айкумыс» Л.Хамиди. – Алматы, 1996. – 80 с.
- 10 Erkin. Gambyl gana gastyq // Қазақ әдебиеті. 1938, 4 март.
- 11 Жамбыл Жабаев шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1946. – 736 б.
- 12 Қасқабасов С.А. Джамбул: его время и поэзия // Джамбул Джабаев. Избранные произведения. – Алматы: 1996. – 416 с.

Резюме

В статье раскрыт вклад Жамбыла Жабаева в казахскую традиционную музыкальную культуру. Через отдельные художественные произведения великого жырши показана и охарактеризована внутренняя дифференциация творчества, его уникальность и новаторство.

Summary

The article highlights ZhambylZhabayev's contribution to Kazakh traditional musical culture. The internal differentiation of creativity, uniqueness and innovation are shown through particular artistic works of great zhyrshy.